

**Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2025 жылғы 11 маусым

**Төрағалық етуші:**

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) басшысының орынбасары – Темешбеков А.А.

**Қатысқандар:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері.

**Күн тәртібі:**

1. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

**Қарастырылған мәселе бойынша Кәсіпорынның комплаенс-офицері Абуев Н.Б. сөз сөйледі:**

2025 жылғы 02 мамыр мен 16 маусым аралығында жұмыс тобы Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Ішкі талдау екі бағыт бойынша жүргізілді:

- 1) Кәсіпорын қызметін қамтитын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 ҮББ жобаларын орындау бойынша нұсқаулыққа сәйкес, СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды жүргізу қажет. Қоғамдық талқылауға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады.

2025 жылғы 06 маусымда Кәсіпорынның ресми сайтында СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды бастау туралы ақпарат орналастырылды.

Бұл ретте жұртшылық, сондай-ақ басқа да азаматтар тарапынан ішкі талдау мен Кәсіпорын қызметіне қатысты ұсыныстар түспегенін атап өту қажет.

Ішкі талдау жүргізу нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес келтіруге бағытталған ұсыныстар берілді.

**СЖТІТ:**

- объективтілік;
- сенімділік;
- ашықтық;
- жан-жақтылық қағидаттарына сай жүргізілді.

СЖТІТ нәтижелері бойынша жұмыс тобы тарапынан аналитикалық мәлімет дайындалып, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар талқыланды.

Аналитикалық мәліметте көрсетілген ақпарат сенімді және күмән туғызбайды. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізу рәсімі ережебұзусыз өткізілді.

**Жұмыс тобының басшысы:**

Басшының орынбасары



Темешбеков А.А.

**СЖТІТ жүргізу бойынша жұмыс тобының мүшелері:**

Әкімшілік-қаржы департаментінің  
директоры



Тлегенов Б.У.

Бас бухгалтер



Есдаулетова Ж.И.

Комплаенс-офицер



Абуев Н.Б.